

## **"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 5 шілде N 79-II

1-бап. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына Z952200\_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3 -4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "жасауға" деген сөздің алдынан "және валюталық заңдармен белгіленген валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 6-бапта:

1) екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк операцияларын және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жасауға арналған лицензиялар нысандарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.";

2) мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру рыногындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар

нысандарын сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді."

3. 9-баптың 1-тармағында:

1) 5) тармақша "желілерін" деген сөзден кейін "жобалау, салу," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, өңдеу және көтерме өткізу, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызметтер түрлері;"

3) 25) тармақша алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 47)-51) тармақшалармен толықтырылсын:

"47) темір жолдың жылжымалы составын, қауіпті жүктерді тасымалдау

үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді дайындау және жөндеу;

48) жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану;

49) іздестіру-құтқару, тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстар;

50) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша оларды өндіру, өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою;

51) банкроттық процедураларында төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі қызмет."

4. 10-бапта:

1) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) адвокаттық қызмет;"

2) 6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) нотариустардың қызметі;"

3) 8) тармақша алып тасталсын;

4) 10) тармақшада "жылжымайтын мүлікті" деген сөз "мүлікті;" деген сөзбен ауыстырылсын."

5. 11-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында ", заңдарға сәйкес валюталық операцияларға жатқызылған, шетел валютасымен жасалатын операцияларды" деген сөздер алып тасталсын.

6. Мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды лицензиялау

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялардың мынадай түрлері лицензиялауға жатады:

1) қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауда жасау және қызметтер көрсету;

2) резиденттердің өздері тіркелген мемлекет заңдары бойынша тиісті құқығы бар шетел банктері мен өзге де қаржы институттарында шоттар (Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттарды қоса алғанда) ашуы;

3) резиденттердің шетелге инвестициялары (банктердің брокерлік-дилерлік қызметін қоспағанда);

4) резиденттердің резидент еместер пайдасына жылжымайтын мүлікке мүліктік құқықтарын төлеуге аударымдары;

5) резиденттердің резидент еместер пайдасына тауарлар, 120 күннен астам мерзімге жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін, сондай-ақ тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортына төленетін валюталық түсімді алу мерзімін

резиденттердің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортқа шығарылған күннен бастап 120 күннен астам уақытқа асырып жібергені үшін аванстық төлемді көздейтін импорттық мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін аударымдары;

б) резиденттердің резидент еместерге 120 күннен астам мерзімге кредиттер беруі;

7) резиденттің резидент еместен несие ретінде алған шетел валютасын үшінші тұлғалардың есептеріне қосу."

7. 15-бапта:

1) мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар жасауға лицензиялар берудің, олардың қолданылуын тоқтатудың тәртібі мен шарттары валюталық заңдармен белгіленеді.";

2) мынадай мазмұндағы оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда ол бұл туралы көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса тіркей отырып, бір ай мерзім ішінде лицензиарға жазбаша хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы, тұрған жері (егер ол лицензияда көрсетілген болса) өзгерген жағдайда, ол бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса тіркей отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтінішін берген күннен бастап он күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым төленеді."

8. 16-баптың 3) тармақшасындағы "кәсіпкерлік" деген сөз алып тасталсын.

9. 18-баптың атауы мен мәтініндегі "кәсіпкерлік" деген сөз алып тасталсын.

10. 19-баптың 1-тармағында:

1) 3) тармақшадағы "кәсіпкерлік" деген сөз алып тасталсын;

2) екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк операцияларын және валюталық құндылықтарды пайдалануға

байланысты жасалатын операцияларды жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартуға арналған өзге де негіздер банк және валюта заңдарымен белгіленуі мүмкін."

11. 21-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

12. 24-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мемлекеттік органдар (лицензиарлар) және олардың лауазымды

адамдары лицензиялау туралы заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жауаптылықта болады." 2-бап. Осы Заң 2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ